

Астана қаласы  
әкімдігінің  
«№79 мектеп - лицей»  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы  
мемлекеттік  
коммуналдық  
кәсіпорны



Государственное  
коммунальное  
предприятие на праве  
хозяйственного  
ведения  
«Школа - лицей №79»  
акимата города  
Астаны

---

## БҰЙРЫҚ

«10» ақпан 2025 ж.

Астана қаласы

---

## ПРИКАЗ

№ 32 н/к

город Астана

### Заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 9-бабына сәйкес негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп қызметкерлері арасында заңсыз ақша жинауға, сыйлық алуға және сыйға тартуға тыйым салынсын.

2. Ата-аналардан, жеткізушілерден және басқа да тұлғалардан (заңды өкілдерден) жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар алуға/беруге, әртүрлі мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны жинауға үзілді-кесілді қатаң тыйым салынсын.

3. Мектеп ішінде заңсыз ақша жинауға жол берген директор орынбасарларына, есепшілеріне, сынып жетекшілеріне, мұғалімдеріне, әдіскерлерлеріне, тәрбиешілеріне қатаң шаралар қолданылсын.

4. Педагогикалық ұжым мен ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



К.Мукушева